# ЖЕТІСУ шұғыласы



№ 28 (9062),
жұма, 4 шілде
2025 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.


## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ БАС ХАТШЫСЫ НҰРЛАН ЕРМЕКБАЕВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ



*Кездесуде ШЫҰ аясындағы ықпалдастықты одан әрі дамыту перспективасы талқыланды.*

*Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан ШЫҰ-ның тиімді әрі теңгерімді халықаралық ұйым ретіндегі рөлін нығайтуға баса мән береді. Бұл қазіргі әлемдік саясаттағы сын-қатерлерге жедел үн қатуға ықпал етеді.*

*Президент Қытайдың ШЫҰ-ға төрағалығын жоғары бағалап, Ұйым тетіктерін жетілдіруге қолдау көрсететінін айтты.*

*Бұдан бөлек, Қазақстанның Ұйым аясында ұсынған басты бастамаларын іске асыру жолдары қаралды.*

*akorda.kz*

## ЖЕТІСУЛЫҚ МАМАНДАР ОҢАЛТУ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША ӨЗБЕКСТАНДЫҚ ӘРІПТЕСТЕРІМЕН ТӘЖІРИБЕ АЛМАСТЫ

*Жуырда «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған Қаратал күндізгі болу орталығы» КММ қызметкерлері Өзбекстан Республикасының Мүгедектерді оңалту және протездеу ұлттық орталығына тәжірибе алмасу сапарымен барды.*



*Сапардың мақсаты – мүгедектерді оңалту саласындағы озық тәжірибелермен танысу және екіжақты әріптестікті дамыту. Делегация орталықтағы оңалту және протездеу қызметтерімен, оның ішінде <span lang=»en»>CME</span> әдісімен (Куэвас Медек Жаттығулары) танысты.*

*Іс-шара аясында мамандар психологиялық, әлеуметтік, кәсіби оңалту бағыттарында көрсетілетін кешенді қызметтермен танысып, мамандармен тәжірибе бөлісті.*

*Сапар барысында орталық мамандары қонақтарға оңалту әдістерін іс жүзінде көрсетіп, нақты бағыттар бойынша кеңес берді.*

*Мұндай тәжірибе алмасу әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыратын, инклюзивті қоғам құру жолындағы маңызды қадам болып табылады.*

*Жетісу облысы мен Өзбекстан арасындағы бұл кәсіби байланыс болашақта мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруда өзінің оң ықпалын тигізетін болады.*

*Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметі бойынша.*

## ФЛЕШМОБ «ҰЛЫ ДАЛА ҮНІ» В ТАЛДЫКОРГАНЕ: НАЦИОНАЛЬНЫЙ ДУХ, МУЗЫКА И НОВЫЙ РЕКОРД



*Сегодня, 1 июля, на центральной площади города Талдыкорган состоялся масштабный областной праздничный флешмоб под названием «Ұлы дала үні», посвященный Национальному дню домбры. Это яркое культурное мероприятие стало символом уважения к казахской традиционной музыке, продемонстрировавшее силу национального духа и преемственность поколений в сохранении самобытного искусства народа.*

*Флешмоб объединил представителей районов области Жетісу, а также работников областных управлений и организаций, которые выразили свое уважение к национальной культуре. Кроме того, на фоне природных и исторических достопримечательностей региона был создан видеоклип с исполнением кюя «Бақтыбайдың әуені». Этот музыкально-визуальный фильм, дополненный кадрами флешмоба, стал ярким примером гармоничного союза традиций и современности.*

*Одновременное исполнение этих двух кюев 5000 участниками стало ярким символом масштабности и силы национальной культуры. Достижение было официально зарегистрировано главным редактором Книги рекордов Казахстана Кайратом Тазабековым, который вручил сертификат о новом рекорде акимату области Жетісу. Это событие получило высокую оценку как важное достижение не только для региона, но и для всей культурной жизни Казахстана.*

*По мнению организаторов, флешмоб вошел в историю не только как праздничное событие, но и как важное культурное наследие, укрепляющее духовную связь между поколениями и воспитывающее уважение к национальному искусству.*



## ОБЪЯВЛЕН КОНКУРС НА СОИСКАНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОЙ МОЛОДЕЖНОЙ ПРЕМИИ «ДАРЫН»




*Министерство культуры и информации Республики Казахстан объявляет конкурс на соискание Государственной молодежной премии «Дарын».*

*Государственная молодежная премия «Дарын» присуждается ежегодно в целях государственной поддержки талантливой молодежи за плодотворную научную, творческую, общественную деятельность, а также за высокие спортивные достижения.*

*Конкурс пройдет по 10 номинациям: «Литература», «Наука», «Дизайн и изобразительное искусство», «Журналистика», «Классическая музыка», «Общественная деятельность», «Спорт», «Театр и кино», «Эстрада», «Народное творчество».*

*На соискание премии претендуют граждане Республики Казахстан в возрасте до 35 лет на момент окончания приема заявок, являющиеся лауреатами международных и республиканских конкурсов, фестивалей и выставок, призерами и победителями спортивных соревнований республиканского и международного уровней, а также кандидаты, деятельность которых является инновационной и способствует развитию соответствующей отрасли и общества в целом.*

*Кандидатуры на соискание молодежной премии «Дарын» выдвигаются центральными, местными и иными государственными органами, общественными объединениями и иными юридическими лицами, зарегистрированными на территории Республики Казахстан, и представляют следующие документы в бумажном и электронном виде:*

*1) копию документа, удостоверяющего личность кандидата;*

*2) регистрационную заявку на соискание Государственной молодежной премии «Дарын» по форме согласно приложению к настоящим Правилам*

*3) ходатайство и справку о достижениях соискателя премии;*

*4) копии наградных дипломов, грамот, благодарностей (при наличии);*

*5) копии статей, публикаций кандидата или о кандидате (при наличии);*

*6) копию справки о наличии банковского счета;*

*7) подтверждающие материалы о достижениях кандидата (при наличии).*

*Лицам, удостоенным премии, присваивается звание «Лауреат Государственной молодежной премии «Дарын», вручается диплом, нагрудной знак и денежная премия.*

*Премия «Дарын» была учреждена в 1992 году. В разные годы обладателями данной премии становились более 360 человек из различных сфер.*

*Документы соискателей принимаются (бумажный вариант) с 26 июня по*

*27 августа (включительно) 2025 года Министерством культуры и информации Республики Казахстан по адресу: г. Астана, проспект Мәңгілік ел 8, здание*

*«Дом министерств» 14-подъезд, (электронный вариант) по почте premiya.daryn@mki.gov.kz.*

*Телефоны для справок: 8 (7172) 74-05-25, 8 (7172) 74-18-43, 8 701 170 46 54 (в рабочие дни, с 9:00 ч. до 18:30 ч.).*

Правила присуждения Государственной молодежной премии «Дарын» ttp://10.61.42.188/rus/docs/V2300033016

# ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ СЭС ҚҰРЫЛЫСЫ ЕШКІӨЛМЕС ПЕТРОГЛИФТЕРІНЕ ҚАУІП ТӨНДІРМЕЙДІ



*Жетісу облысында Ешкіөлмес жотасындағы петроглифтерді жан-жақты бағалау мақсатында уәкілетті органдардың қатысуымен көшпелі отырыс өткізілді, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.*

*Облыс әкімінің орынбасарлары Әсет Қанағатов, Диас Есдәулетовпен бірге комиссия мүшелері Ешкіөлмес археологиялық кешеніне және жоғарғы Талапты СЭС құрылысы жүріп жатқан жерге барып, бірқатар мамандардың қатысуымен өзара қорытындыға келді.*

*Облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығының бөлім меңгерушісі Жандос Адамжановтың айтуынша, Ешкіөлмес петроглифтерін паспорттау 2012 жылы белгілі археолог Александр Горячевтің жетекшілігімен жүргізілген. Онда 15 мыңдай жартас суреттері тіркелген. Барлығы мемлекет қорғауында.*

*Ешкіөлмес петроглифтері жоғарғы Талапты СЭС құрылысынан 5-6 км қашықтықта орналасқан. ҚР Мәдениет және спорт министрінің «Тарих және мәдениет ескерткішінің қорғау аймағын, құрылыс салуды реттеу аймағын және қорғалатын табиғи ландшафт аймағын және оларды пайдалану режимін айқындау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес археологиялық ескерткіштер 120 метрлік қорғау аймағымен қоршалады. «Қазархеология» ЖШС-нің қорытындысына сәйкес, Көксу өзеніндегі жоғарғы Талапты СЭС аймағында тарихи-мәдени мұраны сақтау және толық ғылыми зерттеу бойынша заң талаптары толық сақталған. Осыған байланысты 2022 жылғы 12 қаңтардағы №03/23 қорытынды негізінде аталған СЭС құрылысын жүргізуге рұқсат берілген, – деді Ж. Адамжанов.*

*Ал Жетісу облысы бойынша Экология департаментінің басшысы Тілеухан Байқуатов сарапшы мамандар тарапынан тиісті жұмыстар жүргізілгенін айтты:*

*"Экологиялық кодекс талаптарына сәйкес жоғарғы Талапты СЭС ІІІ санаттағы нысан болып саналады, яғни қоршаған ортаға әсері шамалы. Дегенмен қосымша мердігер ұйымға ескерту жасалып, оның негізінде нақты нысандар мен құрылыстардың қоршаған ортаға әсерінің барлық аспектілерін толық көлемде талдауды көздейтін қоршаған ортаға әсерді бағалау жобасы әзірленетін болады", – деді Т. Байқуатов.*

*Микроклиматтың өзгеруіне қатысты мәселе бойынша Балқаш-Алакөл инспекциясының өкілі мынадай баға берді:*

*"Су кодексінің 125-бабына сәйкес жоғарғы Талапты СЭС құрылысы су заңнамасын бұзбайды. Су деривациялық канал арқылы турбиналарға жеткізіліп, кейін өз арнасына қайтарылады. Су қоймасын салу қарастырылмаған. Яғни, СЭС жұмысына байланысты судың деңгейі артпайды да, кемімейді де, сондықтан су микроклиматына әсер етпейді", – деді Балқаш-Алакөл инспекциясының бас маманы Эльмира Жұмабай.*

*Көшпелі отырыс қорытындысы бойынша жұмыс тобы бірқатар тұжырым жасады. Атап айтқанда, жоғарғы Талапты СЭС құрылысы қолданыстағы заңнама талаптарына сай жүргізіліп жатыр. Нысанның салынуы Ешкіөлмес петроглифтеріне қауіп төндірмейді. Сонымен қатар, құрылыс барысында Қазақстан Республикасының «Тарихи және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы» Заңының 30-бабы мен Жер кодексінің 127-бабында көзделген талаптардың сақталуын Көксу және Ескелді аудандарының әкімдері тұрақты бақылауда ұстайды.*

# САҚТАНДЫРЫЛМАҒАН АЗАМАТТАРҒА ҚАНДАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ

*Шамамен 1,63 трлн теңге кепілдендірілген медициналық көмек көлеміне кіретін қызметтерге қарастырылған. Мұндай қызметтер тегін көрсетіледі. Сақтандырылмаған пациенттер де тегін ала алады.*

*Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі бюджет қаражаты есебінен Қазақстан азаматтарына, қандастарға, босқындарға, сондай-ақ елде тұрақты тұратын және ықтиярхаты бар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға көрсетіледі. Ал елімізде уақытша тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар және баспана іздегендер қоршаған ортаға қауіп төндіретін жұқпалы аурулар кезінде жүгіне алады.*

*«2025 жылы медициналық қызметтерді қаржыландыруға жалпы 2,96 триллион теңге бөлінді, оның 1,63 триллион теңгесі ТМККК пакетіне кіретін қызметтерге және 1,33 триллион теңге МӘМС пакетіне тиесілі. Көпшілік сақтандырылған мәртебесі болмаса емханада қабылдамайды деп ойлайды. Алайда МӘМС жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан көрсетілетін медициналық қызметтердің тізімі бар», - деп атап өтті ӘМСҚ басқарма төрағасының орынбасары Индира Саркенова.*

*ТМККК пакеті қандай қызметтерді қамтиды?*

*1) Жедел медициналық көмек: жедел жәрдем бригадасын шақырудан бөлек, оған санитарлық авиация қызметтері де кіреді.*

*2) Алғашқы медико-санитариялық көмек: учаскелік дәрігер қабылдауы (жалпы тәжірибе дәрігері, терапевт, педиатр, медбике) диагностика, ең көп таралған ауруларды емдеу және басқару, мақсатты халық топтарын профилактикалық қарау, иммунизация, аурулардың мінез-құлыққа байланысты тәуекел факторларын ерте анықтау және мониторинг, салауатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау, репродуктивті денсаулықты қорғау шаралары, жүкті әйелдер мен босанған әйелдерді босанудан кейінгі кезеңде бақылау.*

*3) Амбулаториялық жағдайдағы мамандандырылған медициналық көмек: ЖИТС пен туберкулезді алдын алу және диагностикалау, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар және созылмалы ауруларды диагностикалау мен емдеу, жарақаттар, уланулар немесе басқа шұғыл жағдайлар кезінде медициналық қызметтер көрсетіледі.*

*4) Стационарды алмастыратын жағдайдағы мамандандырылған медициналық көмек: Әлеуметтік мәні бар және созылмалы аурулары бар адамдарға арналған күндізгі стационар қызметтері.*

*5) Стационар жағдайындағы мамандандырылған медициналық көмек:*

*шұғыл көрсеткіштер бойынша госпитализациялау, шұғыл госпитализация кезінде стационардың қабылдау бөлімінде емдеу және диагностикалау, әлеуметтік мәні бар және сирек (орфандық) аурулар кезінде жоспарлы госпитализация, айналасындағылар үшін қауіпті жұқпалы немесе паразиттік аурумен ауырған науқаспен байланыста болған адамдарды оқшаулау, сондай-ақ жұқпалы немесе паразиттік ауруға күдікті немесе онდай диагнозы қойылған адамдарды госпитализациялау.*

*6) Медициналық оңалту: ТМККК шеңберінде туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық оңалту жүргізіледі.*

*7) Уәкілетті орган айқындайтын аурулар тізбесі бойынша паллиативтік медициналық көмек.*

*8) Қан мен оның құрамдас бөліктерімен қамтамасыз ету;*

*9) Патологиялық-анатомиялық диагностика;*

*10) Өлімнен кейінгі донорды органдар мен тіндерді алу үшін дайындау, алу, сақтау, зерттеп қарау, жинау және трансплантация үшін тасымалдау.*

*Бұдан бөлек, пациенттерге ҚР ДСМ бекіткен тізімге кіретін кейбір созылмалы аурулар бойынша дәрі-дәрмекпен және медициналық бұйымдармен жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз ету қызметі қолжетімді.*

*Естеріңізге сала кетейік, бұл медициналық қызметтер азаматтарға МӘМС жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан көрсетіледі. Егер сізге медициналық көмек көрсетуден заңсыз бас тартса, әр емхана мен ауруханада жұмыс істейтін Пациенттерді қолдау қызметіне жүгінгеніңіз абзал. Олар мәселені сол жерде шешуге көмектеседі. Егер медициналық ұйымнан мардымды жауап болмаса, өтінішті Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жолдау керек.*

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІ АРТЫП, КООПЕРАТИВТЕР ҚҰРЫЛУДА



*Еліміздегі ауыл әкімдерінің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында нақты жұмыстар атқарылуда. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «AMANAT» партиясы мен Үкіметтің бірлескен бастамасы – «Әкімдер мектебі» жобасы аясында Ескелді ауданының ауылдық округ әкімдері арнайы кәсіби оқудан өтіп жатыр. Бұл жоба жергілікті басқару сапасын арттыруға және ауылдық аймақтарды дамытуға бағытталған.*

*Аталған жоба аясында 2025–2029 жылдар аралығында Жетісу облысында 108 ауыл шаруашылығы кооперативін құру көзделіп отыр. Бұл ауыл шаруашылығы саласын жүйелі дамытуға серпін бермек. Ескелді ауданында да бұл бағыттағы алғашқы қадамдар жасалып жатыр. Атап айтқанда, Қарабұлақ және Ақын Сара ауылдарында екі кооператив құрылып, жұмысын бастамақ.*

*Осы бастамалардың алғашқы нәтижесі ауыл тұрғындарының нақты жобаларынан көрініс табуда. Мысалы, Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылы, Әуезов көшесі №23 үйде орналасқан азамат А. Саянов өз шаруашылығын кеңейтіп, қыстық-жаздық жылыжай салуды қолға алуда. Жоба бойынша жылыжайда көкөніс және жеміс-жидек өнімдері өсіріліп, олар Ескелді ауданы, Талдықорған және Текелі қалаларының әмбебап базарларына көтерме бағамен жеткізілмек. Сонымен қатар, кәсіпкер өнімдерін өзінің жеке жеміс-жидек дүкені арқылы да саудалауды жоспарлап отыр.*

# «КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК»: ҚАРАТАЛ АУЫЛЫНДА МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АЗАМАТТАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ



*Қаратал ауылдық округінің мәдениет үйінде «AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтарын қорғау және олардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында арнайы кездесу өтті.*

*Іс-шара барысында азаматтарға заң аясында түрлі бағыт-бағдар беріліп, олардың құқықтары мен әлеуметтік қолдау тетіктері жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, нысандардың физикалық қолжетімділігіне – пандустардың, арнайы белгілер мен жол көрсеткіштердің болуына, қызмет көрсету сапасына қатысты жан-жақты мониторинг жүргізілді.*

*Кездесуге аудандық партия филиалының төрағасы Мирас Серік пен Ескелді аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ахат Ұзақбаев арнайы қатысып, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді. Олар мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сүру ортасын жақсарту мақсатында жүйелі жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті.*

*Сонымен қатар, мәдениет үйінде орналасқан «Қаратал» бастауыш партия ұйымының атқарып жатқан жұмысына тексеру жүргізілді. Іс-шара барысында ұйымның партиялық тапсырмаларды орындау деңгейі, қоғамдық бастамаларға қатысуы және жергілікті тұрғындармен байланыс орнату бағытындағы жұмыстары қаралды.*

*Мұндай кездесулер азаматтардың мәселелерін тікелей тыңдап, нақты шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. «Кедергісіз келешек» жобасы – мүмкіндігі шектеулі жандардың толыққанды өмір сүруіне жағдай жасау жолындағы маңызды бастамалардың бірі.*

# ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ: ДИАС ЕСДӘУЛЕТОВ ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ




*Жетісу облысы әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов «AMANAT» партиясының өңірлік филиалында қоғамдық қабылдау өткізіп, тұрғындардың көкейіндегі өзекті сауалдарын тыңдады. Қабылдауға келген азаматтармен қатар, тағы екі тұрғын онлайн байланыс арқылы қатысып, сұрақтарына жауап алды.*

*Қабылдау барысында көтерілген мәселелердің басым бөлігі мәдениет саласына қатысты болды. Атап айтқанда, Қаратал ауданы, Қарақұм ауылының тұрғыны Алма Досаева ауылдық мәдениет үйінде тек бір қызметкер ғана жұмыс істейтінін айтып, кадр тапшылығын жеткізді. Бұл мәселенің өзектілігін атап өткен облыс әкімінің орынбасары алдағы уақытта шешу жолдары қарастырылатынын айтты.*

*Сондай-ақ, Талдықорған қаласының жас маманы Ануар Сәлімбеков жастарға арналған «Жетісу жастары» тұрғын үй бағдарламасына қатысты ұсынысын білдірді.*

*Оның айтуынша, жұмыс беруші мекемені бағдарламада кепіл (гарант) ретінде қарастыру көптеген жастарға баспана алуға мүмкіндік берер еді.*

*–«2023–2025 жылдар аралығында Талдықорған қаласында пилоттық режимде жастарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған өңірлік «Жетісу жастары» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бірінші кезең аясында 83 жас баспанамен қамтылды. Қазіргі уақытта екінші жартыжылдыққа арналған бюджеттік өтінім беріліп, қаралу сатысында. Алайда, жұмыс беруші мекеме кепілгер бола алмайды, себебі бұл қолданыстағы тұрғын үй қатынастары саласындағы заңнамада қарастырылмаған», – деп атап өтті Диас Есдәулетов.*

*Қоғамдық қабылдау соңында облыс әкімінің орынбасары тұрғындар көтерген барлық мәселелерді мұқият тыңдап, оларды заңнама шеңберінде шешу үшін тиісті органдарға нақты тапсырмалар жүктеді.*

# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА АУЫЛ ӘЙЕЛДЕРІНЕ АРНАЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ




*Ескелді аудандық «AMANAT» партиясының қоғамдық қабылдау бөлмесінде ауыл әйелдеріне арналған қаржылық сауаттылық пен кәсіпкерлікке қатысты маңызды кездесу өтті. Кездесуге облыстық әйелдер қанатының белсенді мүшелері Назгүл Жәкіпбаева мен Замзагүл Сламбекқызы арнайы қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісті.*

*Кездесудің негізгі мақсаты – ауыл әйелдерінің экономикалық белсенділігін арттыру, оларды шағын және орта кәсіпкерлікке ынталандыру, сондай-ақ қаржылық сауаттылығын жетілдіру. Кездесу барысында қатысушылар ақшаны дұрыс басқару, күнделікті шығыстарды есептеу, қаражатты жинақтау және депозит ашудың тиімді жолдары туралы тың ақпараттар алды.*

*Спикерлер ауылдағы әйелдердің әлеуеті зор екенін, тек оларды қажетті біліммен қаруландыру қажет екенін атап өтті. Назгүл Жәкіпбаева өз сөзінде:*

*«Қаржылық сауаттылық – кез келген адамның еркін әрі сенімді өмір сүруінің негізі. Ауыл әйелдері ақшаны басқаруды үйренсе, өз ісін ашып, отбасылық табысты еселеуге әбден қабілетті» – деп атап өтті.*

*Замзагүл Сламбекқызы да қатысушыларды үнемшілдік пен жоспарлы қаржылық өмір салтына ынталандырып, отбасылық бюджетті жүргізудің қарапайым әрі тиімді әдістерімен бөлісті.*

*Кездесу соңында қатысушылар өз сұрақтарын қойып, нақты жағдайлар бойынша кеңес алды. Кездесу ауыл әйелдерінің үлкен қызығушылығын тудырып, болашақта осындай кездесулерді жиі өткізуге сұраныс білдірді.*

# АДАМ САУДАСЫНА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ



*Ағымдағы жылдың шілде айының 03-күні Ескелді ауданы әкімдігінің үлкен мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары Жанар Қанатқызының төрағалығымен және Жетісу облысы Полиция департаментінің ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының өкілдері, Талдықорған аймақтық әйелдерді қолдау орталығы қоғамдық бірлестігінің президенті, Ескелді ауданы прокуратурасының Прокурорының қатысуымен аудандағы шаруа қожалықтарының иелеріне адам саудасының алдын алу және еңбекті пайдалану құрбандарын анықтау жөніндегі ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.*

*Адам саудасының алдын алу жөніндегі шаралар мыналарды қамтиды:*

*1.Ұйымдастырушылық шаралар — Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, бекіту және іске асыру, ақпараттық материалдарды дайындау мен тарату, адам саудасының профилактикасы бойынша іс-шараларды жүйелі негізде жүргізу.*

*2.Құқықтық шаралар — адам саудасына қарсы іс-қимылда халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, адам саудасының ықтимал құрбандарын құқықтық қорғау.*

*3.Зерттеу шаралары— адам саудасы проблемасын зерделеуге байланысты іздеу жұмыстары, кешенді, талдамалық жұмыстар, құқық қолдану практикасын талдау, ғылыми зерттеулер.*

# АБАЙЛАҢЫЗ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР!

*Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 51 (61) интернет алаяқтық фактілері тіркелген, жалпы алғанда өткен жылмен салыстырғанда интернет-алаяқтық 16,4%-ға азайған.*

*51 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдыкорган қаласы-26, Текелі қаласы – 3, Ақсу – 2, Алакөл – 2, Ескелді – 3, Кербұлақ – 2, Қаратал – 2, Панфилов – 6, Сарқан - 3. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.*

*Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.*

*Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.*

*Көбінде, Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар  банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.*

*Алаяқтар телефон нөмірлерін ауыстыру технологиясын қолданады*

*«Қазақстан Республикасы ІІМ ауыспалы абоненттік нөмірлерді заңсыз пайдалануға байланысты интернет-алаяқтықтың жиілеп кеткен фактілері туралы ескертеді. Бұл жағдайда қылмыстық схемаларда қолданылатын телефон нөмірлері банктерге де, құқық қорғау органдарына да берілуі мүмкін.*

*Алаяқтық тіркелген, банктің немесе полицияның өкілдері азаматтардың ұялы телефондарына қоңырау шалып, банк клиентінің картасынан рұқсатсыз аударым туралы хабарлаған.*

*Заңсыз операцияны бұғаттау үшін оның пластикалық картасының деректерін, атап айтқанда картаның нөмірін және артқы жағында көрсетілген CVV кодын нақтылау ұсынылады. Болашақта карта туралы алынған мәліметтер іс жүзінде пайдаланушының карточкалық шотынан немесе депозитінен рұқсатсыз ақша аудару үшін қолданылады.*

*Бірқатар жағдайларда азаматтарды өз ақшаларын депозиттерден алуға және оларды «сақтандыру шотына»салуға көндірген. Азаматтар өз мүлкін кепілге қойған немесе сатқан фактілер тіркелді, өйткені оларға қарызды ресімдеу әрекеттері туралы хабарланды. Түскен ақша алаяқтар көрсеткен шоттарға ерікті түрде аударылды.*

*Алаяқтар сатылатын мүліктің төмен бағасымен өз құрбандарын тартады*

*Интернет-дүкендерде немесе жарнама сайттарында тауарларды сату туралы жарнамаларды орналастырумен байланысты алаяқтықтың ең көп таралған түрі.*

*Әдетте, алаяқтар өз құрбандарын сатылатын мүліктің немесе ұсынылатын қызметтің төмен бағасымен, жеделдігімен, төмен сатып алу бағасымен, қалдықтарды сатумен және т. б. түсіндіреді. Сатып алушылардан электронды әмиянға немесе банк картасына ақша аудару арқылы алдын-ала төлем немесе толық төлем жасауды сұрайды.Бірнеше күн ішінде «сатушы» тауарларды тез жеткізуге уәде береді, содан кейін із-түссіз жоғалады. Әдетте, мұндай алаяқтық жасаған кезде электрондық төлем жүйелері, сондай-ақ үшінші тұлғаларға ресімделген банктік төлем карталары қолданылады.*

*Қазақстан Республикасының ІІМ азаматтарды қырағы болуға және қарапайым ережелерді сақтауға шақырады. Олардың біріншісі-ешкімге өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, әсіресе кодтар мен кодтық сөздерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға және т. б. бермеу.*

*Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қоңырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қоңырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.*

*Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.*

*Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.*

*Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ІІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.*

*Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.*

*ІІМ негізгі ұсынымдары:*

*1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлікті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.*

*2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.*

*3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбегеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.*

*4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.*

*5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.*

*6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондарға бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.*

*7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.*

*8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.*

**Бектұрсынов Ернұр СӘРСЕМБАЙҰЛЫ ,**
**ҚР БП ҚСжАЕАЖК-нің  Жетісу облысы бойынша Департаментінің**
**қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты**
**қалыптастыру аға прокуроры**

# ЗОРЛЫҚ ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ



*Бүгінде отбасылардағы тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары өте жиі кездеседі. Көбінесе адамдар бұл туралы ашық айтпайды. Ол дұрыс емес. Қазақстан Республикасының Конституциясында адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды, әркімнің ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар деп анық жазылған. Зорлық-зомбылық – азаматтардың құқын бұзатын бір адамның екінші адамға тәндік немесе психикалық ықпал етуі. Түрлі тәсілдермен ұрып-соғу, дене жарақатын салу, азаптау (азапқа салу және денсаулыққа зиян келтіру); адам психикасына әсер етіп (жүйкесінің тозуы немесе тіпті жынданып кетуін тудыруы мүмкін) қорқыту, тәнге жарақат салу, тағы басқалары.*

*«Отбасы – шағын мемлекет» деген сөз оның қоғамдағы алар орнына қарай айтылса керек. Осы бір ғибратты сөз босағаның берік, шаңырақтың биік болуын, халық санының көбейіп, қоғам байлығының еселеп артуына өзіндік ықпал ететіндігін көрсетеді. Өкінішке қарай, түрлі жағдайларға байланысты шаңырақтың шайқалып, бейкүнә сәбилердің жаутаңкөзге айналып жататын кездері де аз емес. Әрине, берекесі мен бірлігі жоқ, күнде айқай-шу болатын үйде зорлық-зомбылықтың болатыны белгілі. «Тәрбие тал бесіктен басталады» десек, отбасындағы ұрпақ тәрбиесі еш уақытта қоғамды бей-жай қалдырған емес. Тұрмыстық зомбылықта көбіне зардап шегетіндер – әйелдер мен жас балалар. Бала үшін ата-анасының үйі әрқашан ең қауіпсіз жер бола бермейтінін айғақтайтын фактілер жиі кездеседі. Балаларға, әсіресе кішкентайларға зорлық-зомбылықтың үй, отбасы ішінде көрсетілуі көзге түсе қоймағандықтан, көп жағдайда мойындалмайды. Дөрекілік, балаға күш көрсету, олардың бағдарын өзгерту, зорлық-зомбылықты, сайып келгенде қылмысты тудырады. Ол өз-өзіне қол жұмсауға алып келуі мүмкін.*

*Ескелді ауданында зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында түрлі іс-шаралар атқарылуда.*

*Қоғам үшін ең бастысы – Тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым-қайғысыз өмір. Оның кепілі – заңдылық, Тәуелсіздік төрімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық – адам бостандығы.*

*Адамның және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау – Конституциялық заңдылықтың басты талабы. Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізудегі, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу.*

*Тұрмыстық зорлық-зомбылық – отбасылық тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға қатысты дене зардабын және психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекет. Көбінесе, әйелдер мен балалар – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандары. Отбасындағы зорлық-зомбылық құрбандарының көпшілігі – моральдық тұрғыдағы сынап-мінеуден қорқып, құқық қорғау органдарына шағымданудан бас тартып жатады. Осыған сәйкес, әйелдер мен қыздар арасында әйелдердің құқықтық сауаттылығын арттырып, зорлық-зомбылықтың түрлері мен себептерін зерделеп, алдағы уақытта қылмыстық әрекеттерді болдырмау бағытында тиісті профилактикалық жұмыстар жасалуда.*

*Тұрмыста құқық бұзушылық жасауға бейім адамдарды, сондай-ақ қолайсыз отбасыларды тұрғылықты жерлері бойынша толық тексеру жүргізіледі. Оларға қатысты қорғау ұйғарымдары шығарылған не мінез-құлқына ерекше талап қойылған адамдардың белгіленген шектеулерді сақтауларына ерекше назар аударылады.*

*Қоғамда өмір сүріп отырған әрбір азамат зорлық-зомбылыққа жол бермеу керек.*




# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРМЕН МАҢЫЗДЫ КЕЗДЕСУ ӨТТІ




*Ескелді ауданының Қарабұлақ ауылдық округінде «Кедергісіз келешек» жобасы аясында мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтарын қорғау және олардың өмір сүру сапасын арттыру мақсатында арнайы кездесу ұйымдастырылды.*

*Кездесуге аудандық партия филиалының төрағасы Мирас Серік пен Ескелді аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрағасы, сондай-ақ аудан әкімінің мүгедектер мәселелері жөніндегі кеңесшісі Ахат Ұзақбаев қатысты. Олар қатысушыларға мүмкіндігі шектеулі жандардың құқықтары туралы кең ауқымды ақпарат беріп, олардың мәселелерін тыңдады.*

*Кездесу барысында тұрғындар көкейінде жүрген маңызды сұрақтарды көтеріп, нақты жауаптар алды. Атап айтқанда, баспана, медицина қызметтерінің қолжетімділігі, инватакси қызметі және басқа да әлеуметтік қолдау түрлері туралы айтылды. Сонымен қатар, құқықтық көмек көрсету мен әлеуметтік инфрақұрылымның қолжетімділігіне байланысты ұсыныстар да қарастырылды.*



# ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢ

***Өрт қауіпті кезеңнің басталуымен өрт жағдайы күрделене түседі. Әдетте, осы кезеңде құрғақ шөпті, қоқысты рұқсатсыз жағу салдарынан, көбінесе орман өрттері пайда болады.***

Осы кезеңде ашық отты жағуға және қоқысты өртеуге, сондай-ақ кез келген өрт қауіпті жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.Өткен жылы құрғақ шөпті жағу жер үшін пайдалы, оны күлмен ұрықтандырады деген жалған пікір бар, сондықтан көптеген азаматтар арнайы шөп шабуды ұйымдастырады.

Шын мәнінде, мұның пайдасы жоқ: шөпті жағу кезінде көптеген пайдалы микроорганизмдер өледі, ал құрғақ шөпте көрінбейтін жас шөп өліп кетуі мүмкін, сонымен қатар құрғақ шөпте өрт сіздің сайтыңыздағы ғимараттарға оңай жетеді. Орман өрттері жанып жатқан шөптен басталады: ағаштар, жануарлар өледі, құстардың ұялары күйіп кетеді.

Ешбір жағдайда жол бермеңіз:

— құрғақ шөп жағуды;

— қоқысты бақылаусыз жағу;

— темекі шегу кезінде абай болыңыз: сөндірілмеген темекі шегу немесе сіріңке құрғақ шөптің жануына оңай әкеледі.

Үйде немесе саяжайда:

— әрқашан өртті сөндіруге арналған құрал-жабдықтар дайын болуы тиіс: Шелек, күрек, су құйылған бөшке, құм салынған жәшік;

— құрғақ шөпті тырмамен жинау керек, оны қоқыспен бірге су қоймасының жанында орнатылған темір бөшкеде немесе ғимараттардан алыс жерде өртеуге болады;

— қатты желден сақ болыңыз.

Қоқысты өртеген кезде, тіпті темір бөшкеде де, Ұшқын кездейсоқ ғимараттардың жағына ұшпауы үшін желдің бағытын ескеріңіз.

Табиғатта қандай қауіпсіздік шараларын сақтау керек?

Табиғатқа, үй жанындағы учаскеге немесе саяжайға шығу кезінде алдын-ала от жағу орны ғимараттардан алыс және жақын жерде өрт шығуы мүмкін ештеңе болмайтынына көз жеткізу керек. Барбекюді ағаштардың тәждерінің астына және құрғақ инелер мен жапырақтармен жабылған жерге жағуға болмайды. Көмірді жағу үшін сұйықтықты дереу жауып, алыс қойыңыз.

Егер сіз өртті байқасаңыз, дереу «101» немесе «112» телефоны бойынша (ұялы телефоннан) өрт сөндіру қызметін шақырыңыз, содан кейін барынша сақтық сақтай отырып, қолда бар құралдармен жануды оқшаулауға кірісіңіз. Егер өрт еңсерілмеген жағдайда на істеу қажет?

Дереу өрт сөндіру қызметіне қоңырау шалыңыз. Шақыруда өрттің орны, оның себебі және адамдар үшін ықтимал қауіп туралы нақты ақпарат болуы тиіс. Әрі қарай нақтылау үшін өз атыңызды, телефон нөміріңізді атаңыз.Өртті сөндіру үшін барлық қол жетімді әдістерді – құм, су, жамылғы, киім, өрт сөндіргіштерді және т. б. пайдалана отырып, өртке тез әрекет ету қажет..Егер жалынды сөндіру мүмкін болмаса, адамдарды құтқарғаннан кейін газ баллондарын, автомобильдерді, барлық тез тұтанатын материалдарды алып тастау керек. Жанып жатқан бөлмелерді ашып, мүмкіндігінше мұқият болу керек, өйткені оттегінің жаңа түсімі жалынды күшейте алады. Егер түтін болса, бетіңізді жауып, еңкейіп, жылжыңыз, қажет болса, киімді сумен сулап, басын дымқыл сүлгімен жабыңыз. Егер адамның киімі жанса, оған жүгіруге жол бермеңіз. Ондай жағдайда адамды орап тастап су құйып тастаңыз. Ешқандай жағдайда, егер киім күйіп кетсе, күйіп кеткенді шешпеңіз, дененің зардап шеккен бөліктерін таза шүберекпен жауып, жедел жәрдем шақырыңыз.

Өрттің себебі көбінесе адамның бейқамдығы, ұқыпсыздық және өрт қауіпсіздігі ережелерін елемеу болып табылатынын есте сақтаңыз. Оттың барлық қауіптілігін түсіндіре отырып, балаларға ерекше назар аудару қажет.

**Ескелді ауданы**
**ТЖБ баспасөз қызметі.**

# ЕҢБЕГІ ЖАНҒАН ЭЛЕКТРИК

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

*Бүгінгі таңда сұранысқа ие мамандықтардың бірі - электрик. Қандай мекеме, кәсіпорынды алсақ та, электр жарығынсыз жұмыс істей алмайды. Тіпті, әрбір үйдің тыныс-тіршілігін электр қуатынсыз көзге елестету қиын.*

*XIX ғасырдың II жартысында пайда болған бұл мамандық бірден халық арасында кең тарады. Егер электр жарығын бір мезет сөндірсек, көптеген саланың жұмысы тоқтап қалады. Сондықтан бұл кәсіптің өміршеңдігі жойылмақ емес. Қысқасы, электрикке әрқашан жұмыс табылады.*

*Бұл қауіпті мамандық болғандықтан, оның иесіне қателесуге болмайды. Ел ішінде «Электрик бір-ақ рет қателеседі» деген әйгілі сөз бар. Электрик үнемі жоғарғы, төменгі кернеулі токпен жұмыс істейтіндіктен, міндетті түрде техника қауіпсіздігіне жете көңіл бөлуі керек. Электр тоғының иісі, шуы жоқ, қауіптің қай жағыңнан келетінін бағамдау өте қиын. Сол себепті жұмыс үстінде сақ болу қажет.*

*Осындай мамандық иесі – Самат Айтқалиұлы.*

*Кәсіби электриктің жұмысы*

*Электриктер өнеркәсіптік саланың және негізінен азаматтық құрылыс саласындағы іргелі мамандар.*

*Негізінен, кәсіби электриктің жұмысы - үйлерді, кеңселерді, сондай-ақ өндірістік мақсаттар үшін 100% қауіпсіз және тиімді жұмыс істейтін электр жүйелерін монтаждау, сынау, сыммен қамтамасыз ету. Бұл кәсіпқойлар механика, техникалық қызмет көрсету, электроника және басқа салаларда мамандандырылуы мүмкін, және олар инженерлік-өнеркәсіптік қызмет көрсету аймағынан бастап, жүк өңдеу машиналары мен күрделі жөндеу жүйелерін монтаждау бойынша жөндеу қызметінен бастап техникалық инженерлермен тығыз байланыста және серіктестікте жұмыс істейді. электр сымдары. Өте жақсы электрик - бұл құрылыс компаниясының маңызды активтерінің бірі деп айтуға болады.*

*Техникалық курстарда оқыған электриктер қарапайым электр тетіктерін орнатуға, өнеркәсіптік жүйелерге арналған ең күрделі жобалар үшін компьютерлер мен телефония жүйелеріне коаксиалды кабельдер орнатуға қабілетті еңбек нарығына еніп жатыр.*

*Олар электр жабдықтары мен құралдарына ең қолайлы сымдар материалдарының түрлерін қолданудың мамандары. Сондай-ақ, техникалық қызмет көрсету және басқа да инженерлік секторлардағы электриктердің жұмысы дизайнды қалай оқып, түсіндіруге болатындығын білу болып табылады және олар көбінесе ғимарат жобасын жарық эффектілері бойынша аяқтайды.*

*Электриктің жұмысы электр тоғының соғуы, ормандардан немесе баспалдақтан құлау сияқты апаттардың үлкен қаупін тудырады. Олар ең қолайсыз жағдайларда жұмыс істейді, сондықтан ауыр аварияларды болдырмау үшін әрдайым жеке қорғаныс құралдарын пайдалану қажет, әсіресе кәсіби мамандар электр тізбектерін монтаждаумен және бақылаумен тікелей жұмыс істейді, өндіріс орындарында болсын, азаматтық құрылыста болсын.*

*Жалпы, қай мамандықты таңдасаң да, бар ынтаңмен жұмыс істеу абзал. Сонда еңбегің еленіп, көптеген жетістіктерге жетесің.*

# ДОМБЫРА - ҚАЗАҚТЫҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ

***Домбыра (ноғ. Домбра) — қазақтар, ноғайлар және қалмақтар мәдениетінде бар екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең музыкалық аспап болып табылады. Домбыра ежелде қазақтың тарихын баяндаған музыкалық аспаптардың бірі.***

Тарихы

XIX ғасырда қазақ халқының тұрмысында анағұрлым кең тараған Музыкалық аспап екі ішекті домбыра болатын. Егер бұрынғы заманда кене аспаптар ән, жыр, ертегі-аңыздарды сүйемелдеу үшін ғана қолданылған болса, енді домбыра жеке шығарма орындауға арналып, күрделі аспаптардың қатарына қосылды.

Әр түрлі ескерткіштерге, сондай-ақ этнографтардың жазып қалдырған еңбектеріне жүгінсек, домбыра және өзге халықтардың осы тектес аспаптары тіпті сонау орта ғасырларда белгілі болған екен. Мысалы, Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектерінен тамбур аспабы жайында оқимыз.

Өзбектердің домбыраға өте ұқсас екі ішекті дутары алғаш рет Әл-Хусейнидің «Музыкалық канон» деген трактатында ауызға алынды. Қазақтың халық аспабы домбыра XIV ғасыр жазбаларында кездеседі. Оның бастағы түрі мен құрылысы қазақтың домбырасынан аумайды, осындай аспап аттарының ұқсастығы да олардың түпкі шығу тегі бір екенін көрсетсе керек.

Өткен жүз жылдықта ұлы халық композиторы Құрманғазымен бірге Дәулеткерей, Тәттімбет, Сейтек, Байсерке, Қазанғап секілді саңлақ күйшілер дүйім жұртты аузына қаратқан еді. Бұлар бармағынан бал тамған майталман домбырашы болуымен бірге не бір ғажап күй де шығарған шын мәніндегі өнер иелері. Солардың арқасында домбырада тартылатын күйлердің музыкалық формасы үздіксіз жетілдіріле түскен-ді. Домбыраның техникалық мүмкіндіктері артқан сайын домбыра тарту өнері де едәуір өрге басып, байи түсті.

Қазақстанның батыс аудандарында домбыра тартудың өзгелерге ұқсамайтын бөлек дәстүрі қалыптасқанын айту керек. Батыс аудандардағы домбыраның негізгі өзгешелігі, көлемі үлкен болып келеді, сондай-ақ шанағы сопақ, мойны жіңішке, перне саны көбірек. Сондықтан мұндай домбыраны тартқанда қолданылатын техникалық, тәсілдерді шанағы жалпақ домбыраға қолдану қиын, өйткені бұл соңғы домбыраның мойны едәуір енді және ондағы перне де аз.

Шанағы жалпақ домбыраның бірнеше нұсқасы кең тараған. Егер батыс аудандардағы домбыраларға 12—14 перне тағылса, ал шанағы жалпақ домбыраға не бары 7—8 ғана перне байланған. Перне санын арттыру процесі өте баяу жүрді және оның өзі орындалатын репертуарға тікелей байланысты еді. Әдетте, жаңа перне онымен алғаш орындалатын күйдің атымен аталынды. Пернелердің бірі домбырада «Түрікпен күйін» орындағанда байланды да, «Түрікпен пернесі» деп аталды. Бейтарап терция интервалын беретін басқа бір перне Қазақстанның батыс аудандарында «Сарыарқа пернесі» деп аталады.

Аңыз-ертегілердің бірінде аспаптағы жоғарғы тиектің қалай пайда болғаны жайында айтылады. Жаумен шайқасып, одан соң алыс сапар шеккен әбден қалжырап келе жатқан батыр жолшыбай демалуға аялдайды. Сайдың ішіндегі саялы жерде жайғасып отырған соң талдан бір шыбық кесіп алады, оған жылқының қылын керіп байлайды да, дыбыс шығармақ болып көреді. Бірақ қолдан жасаған тым жұпыны аспаптан ешқандай үн шығатын емес, тымтырыс, меңіреу күйінде қала береді. Батыр оны жанына тастай салады да, өзі қисайып жатып ұйықтап кетеді. Ол жанындағы өзі жасаған аспаптан шығып жатқан дауыстан оянады. Қолына алып қараған батыр аспаптың мойын тұсынан титтей ағаш тиекті көреді, оны әлдебіреу ішекті астынан келтіріп орнатып қойған екен. Батыр: «Е, бұл сайтанның ісі болды ғой»,— деп ойлайды. Бәлкім содан бері қалған сөз болса керек, халық арасында жоғарғы тиекті «шайтан тиек» деп атайды. Ішекті жылқының қылынан тағу, жоғарғы тиектің болмауы көне аспаптарға тән сипат.



Түрлері

Қазақ даласының әр өңірінде кездесетін домбыралар жергілікті жер жағдайына, тұрмыс-салты мен дәстүріне, ән, жыр, күй мектебі мен әр өнерпаздың орындаушылық мәнеріне, аспапшы шеберлердің ісмерлігіне байланысты әртүрлі пішімде дамытылып, өзгеріп отырған.

Ән, жыр айтуға арналған домбыраның пернелері 8 – 9, әрі кеткенде 14 – 15-ке жетсе, күй домбырасына 20-дан астам перне тағылады. Олардың құлақ бұрауы да жәкетіне қарай (кварта, квинта) өзгертіледі. Домбыра, негізінен, екі ішекті және кейде үш ішекті болып келеді. Домбыра тартуда қағыстардың түрлері өте көп. Мысалы, «сермел ойнау», «іліп қағу», «шертіп ойнау», т.б.

Қазіргі кезде домбыраның 20-дан астам түрлері бар. Олардың ішінде

•ән мен күй домбырасы
•торсық
•тұмар
•кең шанақты (екі нұсқасы)
•балдырған
•балашық
•шіңкілдек
•аша
•үш ішекті
•құс мойын
•шертер
•оркестр домбыралары:
•қоңыр дауысты (альт)
•жіңішке дауысты (прима)
•ащы дауысты (секунда)
•бас домбыралар (екі нұсқасы) Сипаттамасы

Домбыра құрылысы бірнеше бөліктен тұрады: басы, құлақтары, пернелер, мойын, шанақ, бетқақпақ, ілгек және ішектер. Сондай-ақ, оның көптеген қосымша бөлшектері бар (тиек, кемер ағаш, тұжым ағаш, бастырма, ойық, қалқа, түйме, өрнек, желкелік). Домбыра тиегі үш түрлі болады (шайтан тиек, негізгі тиек, табалдырық тиек).

Домбыра дыбыс өткізгіштігі жоғары қарағай, дыбыс жаңғырту қасиеті бар тұт, қатты жынысты үйеңкі, емен секілді киелі ағаштардан, негізінен, екі түрлі әдіспен – құралып немесе ойылып (шауып) жасалады. Құрама домбыралардың шанағы жұқа тілшелерден құралып жасалса, бітеу домбыра тұтас ағаштан ойылады.

Домбыра аспабы халықтық кәсіби өнердің туып-қалыптасуына, өркендеуіне негіз болған. Байжігіт, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Сейтек, Қазанғап, Сүгір, Тоқа, т.б. даңқты күйшілердің төкпе, шертпе күй дәстүрлерінің тууы, дамуы осы Домбыра аспабымен тікелей байланысты. Олардың дәстүрін, мұрасын бүгінгі күнге жеткізген Дина Нұрпейісова, Әбікен Хасенов, Науша Қашағанов, Махамбет Бөкейханов, Төлеген Момбеков, Мағауия Хамзин, Қали Жантілеуов, Сәдуақас Балмағамбетов, Лұқпан Мұхитов, т.б. сияқты домбырашылар болса, қазіргі майталман орындаушылар – Қаршыға Ахмедияров, У. Бекенов, Р. Ғабдиев, С. Шәкіратов, Б. Ысқақов, Бекболат Тілеуханов, Айгүл Үлкенбаева, А. Райымбергенов, т.б.

Домбыра – тек күй тартуға ғана емес, ән айтқанда сүйемел үшін де қолданылатын аспап. Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Мұхит, Мәди, Кенен Әзірбаев, Әміре Қашаубаев, М.Ержанов, Ж.Елебеков, Ғ.Құрманғалиев, Қ.Байбосынов т.б. белгілі әншілер домбыраның әнге әр беріп, әншіге демеу болатынын дәлелдеді.

Құрылысы

•Бас. Бөлшектері: бас, құлақ, шайтан-тиек (бас тиек).
•Мойын. Бөлшектері: мойын, мойынқақ, перне, сағақ.
•Шанақ. Бөлшектері: ернеулік (сулық, көмкерме), қақпақ, қауышақ (тілше, шанақша), серіппе (кергіш, белағаш), тиек, тұғыл (өкшелік), тұғыр (желкелік), түйме (түйір), түйметиек (өкшетиек, кіші тиек).

Ішек . Бөлшектері: астыңғы ішек, үстіңгі ішек.

Өзін өзі құрметтейтін кез келген халық – сол халықты халық етіп тұрған рухани құндылықтарын қадірлеуі керек. Бұл – әлемдегі барлық халыққа тән парыз.

«Қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деп Қадыр Мырза Әлі айтқанындай, қазақ халқы десе, ең алдымен еске түсетін атрибуттың бірі домбыра екені анық. Қырғыз үшін қомуздың, саха үшін хомустың, башқұрт үшін құрайдың орны қандай болса, қазақ үшін де домбыраның қадір-құрметі дәл сондай.

Домбыра – шекті аспаптардың ішіндегі ең көнелерінің біріне жатады. Домбыра, жалпы шекті аспаптардың жасалуына садақтың құрылымы әсер еткен деген пікірлер бекер емес. Бұл туралы халық аңыздарында да айтылмай ма? Жетіген, арфа, домбыра, қобыз т.б. саз аспаптарының барлығының қазіргі құрылымы, формасы сан алуан болғанымен, түпкі негізі бір.

Домбыраны зерттеу нәтижелері

Әр түрлі үлгідегі домбыралардың қақпақтары зерттелінді. Қақпақтың жеке бөлшектерін құрастырып жинағаннан кейінгі серпінін белгілеу үшін кергіш орнатылады. Қақпақты шанаққа отырғызғаннан кейін топты жаңғырық пайда болады. Бұл шанақ пен қақпақтың арасындағы бір тұтас жаңғырық болып саналады. Қақпақты өңмеу жұмыстары оның тербеліс жиілігіне өзгеріс енгізеді, сондықтан қақпақ шанаққа бекітіліп, біржола өңделгеннен кейін тербеліс жиілігі қандай болатынын күні бұрын білуге болады. Оның үстіне ағаштық физикалық ерекшелігіне байланысты көлемі бірдей қақпақтардың өзіндік үн шығару қасиеті де әр түрлі. Солай бола тұрса да қақпақты қажетті интервал шамасында дыбыстайтын етіп күйге келтіруге болады. Тақтайшаларды іріктеу, қақпақтың қалыңдығын анықтау және серпінді орнату әрбір қақпақтың ерекшелігіне байланысты, бұл іске аса мұқият болған жөн. Қалаған үнді келтіру үшін қақпақтың бөліктерін дұрыс іріктеудің де маңызы бар. Қақпақ құрастырылғаннан кейін тақтайшалардың санына қарай реттей отырып қажетті үнді алуға болады.

Зерттеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде анықталғандай, егер қақпақтың көлемі неғұрлым кішірек болса, ағаштың тербеліс қасиеті де соғұрлым жиілей түседі. Қақпақты құрастырған және күйге келтірген шақта, сондай-ақ оның, параметрлерін белгілегенде осы жайларды ескерудің маңызы өте зор. Ағаштың тербеліс жиілігі оның физикалық қасиетіне де байланысты. Көлемі бірдей екі тақтайдың физикалық қасиеттері әр түрлі болса, олардан алынатын дыбыстың айырмашылығы да үш жарым тонға дейін алшақтайды. Жас ағашқа қарағанда кептірілген ағашты күйге келтіру оңай.

Қақпақ бірнеше шағын тақтайды желіммен біріктіру арқылы жасалынады. Қақпақты құрайтын тақтайлардың физикалық қасиеттері мен түсі бірдей болуы шарт. Тақтайша ағаштың табиғи жолақтары бойынша бір бағытта жымдастырылып біріктіріледі. Ені —250 мм, ұзындығы — 400 мм және қалыңдығы —2,5 мм етіп құрастырылған қақпақтың тербеліс жиілігі ағаштың физикалық қасиетіне қарай 207,64—233,08 гц шамасында болады. Егер қақпақтың қалыңдығы 3 мм болса, онда тербеліс жиілігі 233>08—277,12 гц шамасында болмақ.

Қақпақты күйге келтіру кезінде ескерілетін ендігі бір қажетті іс кергіш орнату. Қақпақтың жалпақ бөлігіне орнатылған кергіш қақпақтың тербеліс жиілігіне нұқсан келтірмейтін болуы шарт. Мысалы, егер кергіштің, ені—5 мм, ал биіктігі—6 мм болса, онда қақпақтың үні бір тон шамасында жоғарылайды. Тәжірибе көрсеткеніндей, қақпақтың алғашқы кездегі тербеліс жиілігін сақтау үшін серіппені бірте-бірте аласарта беру керек. Сынақ жүргізілгенде байқалғандай, қақпақтың тербеліс жиілігіне әсер ететін негізгі факторлар мыналар:

1.ағаштың физикалық қасиеті,
2.қақпақтың қалыңдығы мен жұқалығы және жанама түрде әсер ететін факторлар:
•қақпақтың сәл ұзартылуы мен қысқартылуы,
•өрнектеу.

Қақпақ үнінің тазалығы оның жақсылап жымдастырылуына, құрастырылуына және қалыңдығына байланысты.

Әр түрлі аспаптардың үнін келтіру әдісінде ортақ жайлар көп болғанымен әрбір қақпақты жекеше алып қарау керек. Домбыра қақпағын күйге келтіру де, осы аспаптың құлақ күйіне тәуелді. Домбыра-тенордың қақпағы тербеліс жиілігі —233, 08—261,6 гц шамасында дыбыс алуға қолайлы келеді, өйткені мұндай жиілік домбыраның мензурасына, оның құлақ күйіне және дыбыстау сипатына сәйкес келеді. Аспапта жұмсақ тембр, майда қоңыр дауыс пайда болады. Егер қақпақты құрастырғанда оның күйге келтірілуі ескерілмесе, онда, практикада бақыланғанындай, қақпақтың тербеліс жиілігі көбінесе 293,6—349,2 гц шамасында болады. Мұндай жағдайда аспаптың даусы нашар шығады, тембрі құлаққа жағымсыз келеді.

Қазір домбыраның қақпағы 2—5 бөлек тақтайдан құрастырылып жүр. Тақтай бөлшектерінің санына қарай қақпақты құрастырудың және күйге келтірудің жолдары өзгеріп отыруға тиісті. Егер қақпақ екі бөлшектен ғана құралса, онда оларды бір тонға келтіру қажет, ал егер үш бөлшектен құралатын болса ортадағы тақтай күйге келтіріледі. Төрт бөлшектен құрастырылса ортадағы екі тақтайдың күйге келтірілетін болуы маңызды, өйткені негізгі тонды беретін солар.

Сөйтіп, қақпақ жасаудың бүкіл процесін оны күйге келтірумен бір мезгілде жүргізу қажет, яғни:

•қақпақтан өзіміз қажет еткен үнді оны әзірлеудің бастапқы сатысында-ақ алу керек;
•егер қақпақтың үні құрастыру ісі басталған кездің өзінде-ақ, тым жоғары болса, келесі тәжірибе үстінде де қажетті үнді ала алмайсыз, сондықтан оны күйге келтіріп және аспаптың шанағына орнатып текке әлектенбеу керек;
•аспаптың даусы жақсы болуы үшін қақпақтың үнін си-ге немесе си-бемольға жеткізу қажет;
•егер бөлек тақтайшалардың арасы дұрыс желімделмесе қақпақ біртектес ағаштан құрастырылмаса, талшықтардың бағытталуы қисық болса, жарықшақ сызат

Тәжірибе көрсеткеніндей домбыра-тенордың, қақпағының үніне қарап аспаптың тембрлік даусын күні бұрын білуге болады. Ал мұның, өзі аспаптарды көбінесе сапалы етіп жасауға мүмкіндік береді. Қақпақтың үні жақсы болса — тембрі жұмсақ, ал үні жоғары болса — тембрі ащы болады.

